



**Коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы**

**АЛМАТЫ  
ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТИ**

Қазақстан тарихы және  
мәдениеті кафедрасы

## **ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ҒИМДЕР МОДУЛІ: САЯСАТТАНУ**

Семинар сабақтарына арналған әдістемелік нұсқаулар  
(барлық мамандықтарға арналған)

Алматы 2019

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Байдильдина С.Х., Сарсекеев М.М. Әлеуметтік-саяси ілімдер модулі: Саясаттану. Семинар сабақтарына арналған әдістемелік нұсқаулар (барлық мамандықтарға арналған). – Алматы: АЭЖБУ, 2019. – 40 б.

Ұсынылған әдістемелік басылымға семинар сабақтарының жоспарлары, ұсынылған әдебиеттер тізімі, әр семинарға арналған әдістемелік нұсқаулар мен СӨЖ тапсырмалары енгізілді.

Пікір беруші: т.ғ.к., профессор Орынбекова Д.С.

«Алматы энергетика және байланыс университетінің» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2019 ж. баспа жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2019 ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

Семинар сабақтары оқытудың белсенді формаларының бірі болып табылады, яғни студенттер оқытушының жетекшілігімен оқу пәнінің материалдарын өз бетінше оқып-үйреніп, пәннің мазмұнын терең меңгергендігін көрсетеді. Семинар сабақтарында студенттер теориялық сабақтар мен өз бетінше дайындалу кезінде алған білімінің шынайылығын тексеруге мүмкіндік алады. Семинардың әрбір тақырыбы дәрістердің теориялық материалдарын қайталамай, керісінше, оларды толықтырып отыратын үш сұрақтан тұрады.

«Саясаттану» оқу пәні бойынша семинар сабақтарының мақсаты - студенттердің саясатты қоғамдық құбылыс ретінде қабылдау түсінігін қалыптастыру, оның қазіргі қоғамдағы орны, рөлі мен маңызын айқындап, бүгінгі әлемде болып жатқан саяси үдерістерді өз бетінше зерделеу шеберлігі мен дағдыларын үйрету болып табылады.

Семинар сабақтары бойынша берілген тапсырмаларды орындау барысында студенттен қарастырылатын сұрақтарды жете зерттеп дайындап, мұқият талдау талап етіледі. Оқу барысында оқытушы тарапынан студенттің сабаққа өз бетінше қалай дайындалғандығы тікелей бақылауға алынып, өтілген оқу материалдары бойынша білімі бағаланады. Сондықтан студенттердің семинар сабақтарына толыққанды дайын болуы, ұсынылған әдебиеттер тізіміне енгізілген материалдар мен дереккөздерін неғұрлым кеңінен пайдаланып, өз бетінше оқып-үйренуіне күш салуы талап етіледі. Студент семинардың барлық сұрақтарына міндетті түрде дайындалуы тиіс. Семинар сұрақтарына жауап беру ғана емес, сонымен қатар оқытушы немесе басқа да студенттер тарапынан қойылуы мүмкін қосымша сұрақтарға жауап беру, пікір-талас туғызатын мәселелерде өз ойын жеткізе білу, пікір айту сияқты мәселелер студент еңбегін бағалау барысында міндетті түрде ескеріледі.

Семинар сабағына дайындық барысында студент семинар жұмыстарына арналған тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік кеңестермен мұқият танысып шығуы қажет. Мұнда семинарда талқыланатын барлық негізгі мәселелер көрініс тауып, оқу материалдарын толыққанды игеру үшін қажетті негізгі ережелер мен тұжырымдамалық тәсілдер белгіленген. Семинарда қарастырылатын сұрақтардың мазмұны мен басты мәселелерін толығымен жан-жақты ашуға мүмкіндік беру үшін студенттерден семинар тапсырмаларын жазбаша түрде орындауы талап етіледі. Студенттерге ұсынылған ғылыми әдебиеттерді мұқият оқып қарау, талқылауға ұсынылған мәселелердің мәнін ашып зерделеуге қажетті қолдау мен көмек құралы болатыны сөзсіз. Жазбаша жұмыстың формасы: үзінділер, аннотациялар, тезистер, жазбалар сияқты әртүрлі болуы мүмкін екендігін ескеру керек.

Семинарда студент мүмкіндігінше сабақта қарастырылатын сұрақтарды ашып көрсетуі керек және практикалық сабаққа алдын-ала жазылып дайындалған өз жазбаларын еркін пайдалануға кеңес беріледі.

Семинар барысында басқа да студенттер тарапынан талқыланатын мәселе бойынша толықтыратын, нақтылайтын сұрақтар қойылуы әбден мүмкін, сұрақ-жауап кезінде жан-жақты пікір таласқа ұласып балама көзқарастар көрініс алуы да мүмкін.

Бұл семинар сабақтарында шығармашылық атмосфераның туындауына ықпал ететін қалыпты құбылыс екенін түсіну қажет, соның нәтижесінде студент оқу материалдарын тиісті деңгейде жақсы меңгереді.

Сонымен студент еңбегін бағалау барысында мына өлшемдер ескеріледі: біріншіден, студент өз жазбаларын пайдалана отырып, материалды еркін жеткізе білуі керек, нақты автор мен оның жұмысына сілтеме жасай отырып ғылыми дәлелдерді беруі тиіс. Екіншіден, оқытушы студенттің семинар сабағына арналған дәптерін тексеріп, тақырып бойынша құрылған үш сұрақтың жауабының болуына, тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді пайдалану деңгейіне көз жеткізеді. Үшіншіден, семинар сабақтарына дайындық барысында орындалуы тиіс шарттарды толық орындаған, пікір-талас барысында белсенділік танытқан студент жоғары бағаға үміткер бола алады.

Жалпы алғанда «Саясаттану» пәні бойынша 15 семинар сабағы қарастырылған, оның қорытындысы бойынша студент соңында оң нәтижелі баға алуы керек. Семинарды себепсіз өткізіп алған немесе «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған студенттер міндетті түрде СОӨЖ белгіленген күндері жұмыстарын өтейді. Дәріс сабақтарына толық қатысқан, барлық 15 семинар сабақтарынан оң нәтижелі бағалары бар және емтихан алдында сабақтың толық жазбасын көрсеткен, 2 ағымдық бақылауды тапсырған, 2 семестрлік жұмысты сапалы әрі уақытында орындаған студенттер ғана «Саясаттану» курсы бойынша емтиханға қатысуға толық мүмкіндік алады.

«Саясаттану» пәні бойынша қорытынды баға рейтинг бағасының 60% -ы және пән бойынша емтихан бағасының 40%-ы негізінде белгіленеді.

Семинар сабағын ұйымдастыру формасын таңдау құқығы (дискуссия, «дөңгелек үстел» әдісі, «шағын топтық» әдіс, іскерлік-ойын, «ми шабуылы») оқытушының құзырында, сондай-ақ, оқу тобының белсенділігі, білім деңгейі мен дайындық дәрежесіне де байланысты.

Ұсынылған әдістемелік басылымға семинар сабақтарының жоспарлары, ұсынылған әдебиеттер тізімі, әр семинарға арналған әдістемелік нұсқаулар мен СӨЖ тапсырмалары енгізілді.

**1 тақырып. Маманды кәсіби дайындау жүйесіндегі саясаттану (1 сағат)**

1 Қоғамдық қатынастар және саяси ілімдерді пайдаланудың қолданбалы аспектілері.

2 Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде, оның қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі мен маңызы.

3 3. Саясаттану және қазіргі заман қарым-қатынастарын ізгілендіру проблемалары.

*Сабақтың мақсаты:* саясаттанудың қазіргі қоғамдық-саяси өмірдегі ғылым және оқу пәні ретіндегі рөлі, орны мен маңызын анықтау.

*Негізгі түсініктер:* саясат, саясаттану, қолданбалы және теориялық саясаттану, саяси білім, саясаттану әдістері.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- қолданбалы саясаттанудың қоғамдық-саяси үдерістерді зерделеудегі рөлі мен басты міндеттері туралы ғылыми тұжырымдамаларды қарастырыңыз;

- қазіргі заманғы саяси өмірдің аспектілерін оқып-үйренуде қолданбалы саясаттанудың ғылыми-зерттеу әлеуетін пайдалану мүмкіндіктеріне назар аударыңыз;

- қолданбалы және теориялық саясаттанудың өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтаңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- ғылыми-техникалық прогресс дәуіріндегі қазіргі қоғамды ізгілендіру мәселелерінің өзектілігіне назар аударыңыз;

- әлеуметтік қатынастарды ізгілендіру және қазіргі қоғамдық сананы қалыптастыру үдерістеріндегі саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдар арасындағы рөлі мен орнын көрсетіңіз;

- қоғамдық-саяси үдерістерді зерделей келе, қазіргі қоғамды ізгілендіру қажеттілігінің объективті себептерін анықтаңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- қоғамдық сананың формалары арасындағы ерекшеліктерді айқындап, ғылыми сананың орны мен функцияларын анықтаңыз;

- қоғамдық сананың қалыптасу тәсілдері мен механизмдерін айқындап, бұл үдерістегі саясаттанудың ғылыми пән ретіндегі рөлін көрсетіңіз;

- саясаттанудың академиялық пән ретіндегі қызметінің ғылыми-теориялық аспектілерін жан-жақты ашып, оның іргелі қоғамдық ғылымдардың бірі ретіндегі функцияларын сипаттаңыз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Қоғамдық қатынастар туралы жаңа ғылым – саясаттану қашан және неге пайда болды?

2. Саясаттану оқу пәні ретінде қайда және қашан пайда болды?

3. Саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдардан ерекшелігі қандай?

4. Саясаттанудың қазіргі қоғамдағы рөлі мен маңызы қандай?

5. Қоғамды модернизациялау үдерістеріндегі саясаттанудың орны қандай?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. «Менің болашақ кәсіби қызметім үшін саясаттанудың маңызы» тақырыбында дәлелді эссе дайындау

## **2 тақырып. Қазақстандағы саяси ойдың даму тарихы (1 сағат)**

1 Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары. Саяси идеялар және Алаш қозғалысы өкілдерінің саяси ой-тұжырымдары.

2 Кеңестік Қазақстан қоғамтанушылары еңбектеріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы.

3 Қазақстан Республикасындағы саясаттанудың жаңа тұрпатты қоғамдық ғылым және оқу пәні ретінде пайда болуы және дамуы.

*Сабақтың мақсаты:* Қазақстанның қоғамдық-саяси ой-санасының даму кезеңдері мен ерекшеліктерін анықтау, қоғамдық қатынастарды зерттейтін ғылым саласы ретінде саясаттанудың пайда болу және даму заңдылықтарын қарастыру.

*Негізгі түсініктер:* саясаттану элементтері, саяси ой, қазақ ағартушылары, саяси идея, Алаш қозғалысы, қоғамдық ғылым, саяси көзқарас, саяси ой-тұжырым

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- қазақ ағартушыларының әділетті қоғамдық құрылым, қоғамды реформалау жолдары және тәсілдері туралы көзқарастары мен түсініктерін анықтаңыз. Халық бұқарасы арасында ағарту жұмыстарын жүргізудің мақсат-міндеттері мен маңызы туралы ой-пікірлерін қарастырыңыз;

- «Алаш» партиясы бағдарламасының идеялары мен мазмұнына талдау жасаңыз. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің дамуындағы қазақ зиялыларының идеялық мұрасының тарихи және саяси маңызын көрсетіңіз;

- тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы «Алаш» партиясы көсемдерінің теориялық мұрасы мен саяси тәжірибесінің маңызын айқындаңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- кеңестік Қазақстан жағдайындағы қоғамдық ғылымдардың даму ерекшеліктеріне және коммунистік идеология мен кеңес басшылығы саясатының әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласына ықпалына назар аударыңыз;

- әміршіл-әкімшіл мемлекет жағдайындағы қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің даму болмысы мен мүмкіндіктерін, бұл үдерістегі қоғамдық-саяси ғылымдардың рөлін көрсетіңіз;

- кеңес билігі тұсындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси ой-пікірдің жағдайын, патриоттық бағыттағы түрлі этно-мәдени ағымдар мен қозғалыстардың пайда болуы, олардың халықтың сана-сезімін дамытудағы рөлі мен үлесін қарастырыңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- Тәуелсіз Қазақстан жағдайында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласының жаңа ғылыми бағыттарын дамыту қажеттілігінің объективті себептерін ашыңыз;

- қоғамдық-гуманитарлық топтамадағы ғылыми мамандықтар тізімін кеңейту, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша жаңа ғылыми диссертация қорғау кеңестерін ашу қажеттігін анықтаңыз;

- посткеңестік елдердегі өтпелі кезең жағдайындағы саяси қатынастарды зерделеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелерін құрудың қажеттілігін дәлелдеңіз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Ортағасырлық Қазақстан философтары мен ойшылдарын қандай әлеуметтік-саяси проблемалар толғандырды?

2. «Алаш» партиясының идеялық мұрасының өшпес маңызы, оған қазіргі кездегі сұраныстың мәні неде?

3. XX ғасырдың 2-жартысындағы тарих және филология ғылымдарының қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің дамуындағы қосқан үлесі қандай?

4. Тәуелсіз Қазақстанның саясаттану ғылымы қандай заманауи проблемаларды зерттеумен айналысады?

5. Еліміздің қоғамдық ғылымдарының дамуындағы қазақстандық саясаттану ғылымының үлесі қандай?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. Саяси ойлар тарихындағы басқарудың «дұрыс» және «бұрыс» формалары бойынша презентация дайындау.

### **3 тақырып. Саясаттың табиғаты: формасы, мазмұны, үдерісі (1 сағат)**

1 Саясаттың құрылымдық, нормативті және институционалдық формалары.

2 Саяси шешімдердің саясат мазмұнының құрамдас бөлімі ретінде дайындалуы, талқылануы, қабылдануы және жүзеге асырылуы.

3 Саяси үдеріс, оның құрамы, сипаты және бағыты.

*Сабақтың мақсаты:* саясаттың әлеуметтік құбылыс ретіндегі болмысын анықтау және саяси үдерістердің саясаттың көрінісі ретіндегі ерекшеліктерін айқындау.

*Негізгі түсініктер:* саясат құрылымы, норматив, саяси шешім, саяси үдеріс, саясат табиғаты, институционалды форма, саяси бағыт.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- саясаттың әлеуметтік құбылыс ретіндегі болмысына назар аударып, оның құрылымдық, институционалдық және нормативті аспектілерін саяси қатынастардың құрамдас бөлімі ретінде қарастырыңыз;

- саясатқа оның формасы тұрғысынан талдау жасап, сыртқы көріністеріне сүйеніп саясаттың ішкі мәнін ашыңыз;

- саясат формаларының әрқайсысына әлеуметтік феномен ретінде сипаттама беріп, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтаңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- саяси шешімдердің қабылдануына ықпал етуші факторлар, жағдайлар мен себептер тұрғысынан саясаттың мазмұнын сипаттаныз;

- саяси шешімдердің қабылдану сатыларын саясат мазмұнының құрамдас бөлімдері ретінде қарастырып, олардың әрқайсысының мазмұнын ашыңыз;

- саяси шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру үдерісінде саясаттың мазмұны, оның көпнұсқалылығы және баламалылығы тұрғысынан ерекшеліктері арасындағы өзара байланысты ашыңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- саяси үдерістердің сипаты мен оның құрылымдық элементтері арасындағы өзара байланысты қарастырыңыз;

- саяси үдерістердің барысы мен ағымы, олардың қарқыны мен мерзімі және қоғамның саяси мәдениетінің өзара ықпалын анықтаңыз. Рухани құндылықтар құрылымы, әлеуметтік мәдени дәстүрлер ерекшеліктері және саяси жүйе ахуалы арасындағы өзара әрекеттестікті айқындаңыз;

- саяси қатынастардың даму векторының түрлі ішкі және сыртқы факторлардың ықпалына тәуелді болатындығын негіздеңіз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Саясат табиғаты, оның әлеуметтік құбылыс ретіндегі ерекшелігі қандай?

2. Саясаттың болмысы, функциялары және мақсаты туралы қандай ғылыми тұжырымдамалар бар?

3. Саясаттың мазмұны қандай сатылардан тұрады және олар оның сипаты мен бағытына қалай әсер етеді?

4. Саяси үдерістердің мазмұны, формасы мен бағыты не нәрсеге тәуелді болады?

5. Саяси үдерістердің түрлі әлеуметтік-саяси жүйелердегі жүру ерекшеліктері қандай?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. «Саясаттың негізгі түсініктемелеріне салыстырмалы талдау» тақырыбына кесте құрастыру.

**4 тақырып. Қазақстан Республикасындағы саяси билік институттары (1 сағат)**

1 Саяси өкімет институттарының түрлері, рөлі және функциялары.



2 Саяси институттардың қалыптасуы және дамуы.

3 Саяси өкіметтің қазіргі заманғы саяси институттары.

*Сабақтың мақсаты:* Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының қызметін талдау. Саяси тұрақтылық, қоғамды дамыту, азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етудегі саяси институттардың функцияларын анықтау.

*Негізгі түсініктер:* Қазақстан Республикасы, билік институты, биліктің функциялары, саяси биліктің объектісі мен субъектісі, саяси және мемлекеттік билік.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- саяси институттардың функцияларына талдау жасап, олардың саяси үдерістердің орнықтылығын қамтамасыз етудегі рөлі мен маңызын айқындаңыз;

- саяси институттар қызметінің тиімділігіне ықпал ететін факторлар мен жағдайларды анықтаңыз;

- өтпелі кезеңнің қоғамдық жүйелеріндегі саяси институттардың орны мен маңызын қарастырыңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- саяси институттардың пайда болуы мен дамуына немесе олардың өмір сүруін тоқтатуына ықпал ететін жағдайларды анықтаңыз;

- саяси институттардың өз мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыруы үшін қажетті шарттарды көрсетіңіз;

- саяси институттар қызметінің тиімділігін арттыру, саяси үдерістердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында билік органдарын дер кезінде реформалауда қандай кешенді саяси-құқықтық шаралардың қабылданып жатқандығын анықтаңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- саяси институттар рөлінің күшеюін, олардың постиндустриалды қоғамның қалыптасу жағдайындағы қызметін жетілдірудің объективті қажеттілігін дәлелдейтін мысалдар келтіріңіз;

- еліміздегі қоғамдық-саяси институттардың қызметіне талдау жасап, олардың Қазақстан қоғамындағы саяси шоғырлану мен ұлтаралық келісімді қамтамасыз етудегі маңызын көрсетіңіз;

- азаматтық қоғам институттарының рөлін күшейту және олардың қазіргі заманның саяси үдерістеріне ықпалын арттыруға бағытталған, дамыған демократиялық елдерде пайда болған жаңа ағымдарды қарастырыңыз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Қазіргі қоғамда саяси институттар қандай функцияларды атқарады?

2. Қоғамдық-саяси үдерістерде саяси институттардың рөлі мен мақсатын айқындайтын қандай ғылыми теориялар бар?

3. Посткеңестік тәуелсіз мемлекеттердегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде институционалдық факторлардың рөлі қандай?

4. Жаңғырту және демократияландыру бағытымен дамушы қоғамдық-саяси жүйелердің қалыптасуында саяси институттардың орны мен маңызы қандай?

5. Ғылыми-техникалық төңкеріс дәуірінде саяси институттардың функциялары қалай өзгеруі мүмкін?

Студенттерге арналған Өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. «Биліктің қалыптасуының тәсілдері мен көздері» тақырыбына дәлелді эссе жазу.

**5 тақырып. Басқарушы элита мен саяси көшбасшылық биліктің әлеуметтік субъектілері ретінде (1 сағат)**

1 Басқарушы элитаның құрылымы мен функциялары, оның атқаратын қызметі және мәртебелік позициясы бойынша жіктелуі.

2 Элитаны жаңарту үдерістері және әлеуметтік-саяси жүйені өзгертуге деген қоғамның сұранысы.

3 Саяси көшбасшы феномені - тұлғаның субъективті ерекшеліктері мен мемлекеттік билік жүйесіндегі мәртебелік-қызметтік позицияларының жиынтығы ретінде.

*Сабақтың мақсаты:* саяси билікті жүзеге асыру, басқарушы элитаның функциялары мен мақсаттары, саяси көшбасшы мен басқарушы элитаның қоғамдағы және мемлекетті басқарудағы рөлі туралы түсінік қалыптастыру.

*Негізгі түсініктер:* басқарушы элита, ашық және жабық элита, элита құрылымы және жіктелуі, элитаның классикалық теориялары, көшбасшы мәртебесі, саяси көшбасшы, ұлт көшбасшысы.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- саяси элиталардың өмір сүруінің объективті себептерін айқындап, елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы халық бұқарасының сұраныстары мен элитаның қоғамдық үдерістерді басқарудағы қызметі арасындағы өзара байланысты анықтаңыз;

- қоғамдық-саяси үдерістерді басқарудағы қызметі, мәртебелік позициясы, олардың қарауындағы ресурстары мен функцияларына қарай элитаны жіктеңіз;

- элитаны жойып, жалпыға бірдей теңгермешілік орнатуға ұмтылудың әлеуметтік әділдікке емес, керісінше, саяси биліктің әлсіреп қоғамдағы тұрақсыздықтың күшеюіне әкеліп соғатынына назара аударыңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- элита мен халық бұқарасының өзара қарым-қатынастарын зерделей келе, олардың динамикалық сипатқа ие екендігіне назар аударыңыз. Оның элита топтарының мәртебелік позициясы мен билік өкілеттігінде ғана емес, сонымен қатар «жоғарыдағылар» мен «төмендегілер» арасындағы өзгерістерге әкелетіндігін есте сақтаңыз;

- басқарушы элитаның билік ресурстары мен қоғамды басқарудағы өкілеттіктерін өз қолына шоғырландыру арқылы халық бұқарасын заңды түрде басқаруды жүзеге асыру жағдайлары мен мүмкіндіктерін анықтаңыз;

- жекелеген халық бұқарасы өкілдерінің басқарушы топ қатарына қосылуы үдерісінің үздіксіз сипатқа ие болуы нәтижесінде мүмкін болған элита айналымы мен қоғамның эволюциялық жолмен дамуының өзара байланысына талдау жасаңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- көшбасшы мен қоғам арасындағы өзара әрекеттестік проблемаларына назар аударыңыз. Көшбасшының нақты саяси мақсаттарға жету және елдің саяси өміріндегі маңызды мәселелерді шешу жолындағы түрлі әлеуметтік топтар, таптар мен әлеуметтің қызметін ұйымдастырушы ретіндегі функциясын көрсетіңіз;

- саяси көшбасшы феноменінің табиғатына талдау жасап, бұл құбылыстың психологиялық және мәртебелік-қызметтік аспектілерін анықтаңыз;

- өтпелі типті қоғамдық жүйелердегі саяси көшбасшының рөлі мен орнын, оның қоғамның саяси дағдарыс және әлеуметтік-экономикалық дәрменсіздік жағдайындағы функцияларын айқындаңыз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Елдің қоғамдық-саяси өміріндегі элитаның рөлі, орны мен маңызы туралы қандай ғылыми-теориялық тұжырымдамалар бар?

2. Басқарушы элитаның жабық және ашық жүйелерінің қандай ерекшеліктері бар?

3. Басқарушы элита мен халық бұқарасы арасындағы өзара әрекеттестік үдерісінің формалары мен мазмұны туралы не айтасыз?

4. Басқарушы элитаның өмір сүруі, оның қоғамдық-саяси қызметінің қажеттілігінің объективті сипаты неде?

5. Дағдарыс жағдайындағы саяси үдерістер мен қоғамдық жүйелердегі саяси көшбасшының рөлі қандай?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. Кейс-стади – саяси көшбасшылықтың жіктелуі. Саяси көшбасшылықтың типін айқындау және өз таңдауын дәлелдеу.

**6 тақырып. Саяси жүйенің қызмет ету механизмі (1 сағат)**

1 Қоғамның саяси қатынастары мен саяси үдерістерін реттеудегі саяси жүйенің қызмет ету механизмдері.

2 Саяси институттар мен конституциялық-құқықтық нормалар саяси жүйе қызметінің негізгі механизмдері ретінде.

3 Саяси жүйенің дамуы және елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету проблемалары.

*Сабақтың мақсаты:* саяси жүйелер қызметінің механизмдеріне талдау жасап, олардың құрамдас бөлімдерін анықтау және түрлі қоғамдық-саяси үдерістердегі қызметін сипаттау.

*Негізгі түсініктер:* саяси жүйе, саяси механизмдер, демократия, диктатура, тоталитаризм, авторитаризм, саяси тұрақтылық, саяси тәуекелдік, билік институттары.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- саяси жүйенің құрамдас бөлімдерін анықтап, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани салалары мен саяси институттар арасындағы өзара қарым-қатынастың тәсілдері мен формаларын айқындаңыз;

- саяси жүйелердің ішіндегі қосалқы жүйе элементтерінің өзара әрекеттестігін саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен топтардың билік институттарын бақылау үшін күрес барысындағы бәсекелестік пен ынтымақтастық қатынасы ретінде қарастырыңыз;

- қоғамдық үдерістерді басқарудың саяси институттар қызметінің елде тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз етуіне байланысты жүзеге асырылатындығына назар аударыңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- саяси жүйенің табысты қызметінің басты шарттарының бірі мемлекеттік билік органдарының құрылуы және ел ішіндегі саяси ұйымдар мен мекемелердің арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету деген пікірді негіздеңіз;

- саяси ұйымдардың конституциялық-құқықтық рәсімделуінің, олардың өкілеттіктері мен қызмет саласының нақты анықталуының қажеттілігін саяси жүйенің тиімді қызметінің басты шарты ретінде ашып көрсетіңіз;

- саяси институттардың тиімді қызметі үшін саясат субъектілерінің рөлі мен жүріс-тұрысы, тәртібі туралы жалпы ережелердің қабылдануы және олардың орындалуының маңызын анықтаңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- саяси жүйенің мемлекеттің серпінді дамуын қамтамсыз ету және қоғамдық тұрақтылықты сақтау жолындағы қызметіне, мемлекеттік аппараттың саяси үдерістердің орнықтылығын қолдаудағы негізгі механизм ретіндегі рөліне назар аударыңыз;

- азаматтардың ерік білдіруі негізінде сайланған, саяси жүйенің құрамдас бөлімі болып табылатын биліктің өкілетті мекемелері мен жоғары

басшылықтың шешімімен құрылған мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара әрекеттестікті қарастырыңыз;

- саяси жүйенің үшінші құрамдас бөлімі болып табылатын жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар мен халық бұқарасының өз мүдделерін билік органдарына саяси талаптарын ұсыну, талап ету арқылы жүзеге асыруға деген ұмтылысы мен басқарушы биліктің институционалды емес факторлардың саяси жүйеге ықпалын барынша ықшамдауға деген әрекетіне талдау жасаңыз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Саяси жүйе қандай құрамдас бөлімдерден құралады?
2. Саяси жүйенің қоғамда өзгерістер жасау және елдегі тұрақтылықты сақтауға ұмтылысы арасындағы қарама-қайшылықтарды түсіндіріңіз
3. Қоғамды демократияландыруды дамыту және саяси бәсекелестіктің күшеюі жағдайындағы саяси институттардың рөлі қандай?
4. Неге мемлекеттік билік органдары саяси жүйелер қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты фактор болып табылады?
5. Саяси жүйелердің қызметін реттеуде конституциялық-құқықтық нормалар қандай функциялар атқарады?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. ҚР стратегиялық құжаттарын зерттеу негізінде) «Қазақстанның саяси жүйесінің даму келешегі» тақырыбына жоба дайындау

### **7 тақырып. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы (1 сағат)**

1 Құқықтық мемлекет саяси билікті ұйымдастырудың және заң үстемдігін қамтамасыз етудің басты формасы ретінде.

2 Азаматтық қоғам түсінігі, оның пайда болуы мен дамуының саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары.

3 Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасу және даму үдерістерінің ерекшеліктері.

*Сабақтың мақсаты:* құқықтық мемлекетті саяси билікті ұйымдастыру мен заң үстемдігін қамтамасыз етудің, азаматтық қоғамның институттары мен нормаларының тиімді қызметінің формасы ретінде оқып-үйрену.

*Негізгі түсініктер:* құқықтық мемлекет, әлеуметтік мемлекет, заң үстемдігі, құқықтық институттар, азаматтық қоғам, мемлекеттік емес ұйымдар, демократия.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- құқықтық мемлекет түсінігінің мазмұны мен маңызын анықтап, оның белгілері, өмір сүру факторлары мен жағдайларын көрсетіңіз;

- құқықтық мемлекеттің өмір сүруінің негізгі қағидаттары, мақсаты мен нормалары және саяси-құқықтық институттары мен механизмдерін анықтаңыз;

- адам құқықтары мен бостандықтары танылатын және оларға кепілдік берілетін, заң үстемдігі қамтамасыз етіліп, мемлекеттік билікті бөлу қағидаты

шынайы жүзеге асатын құқықтық мемлекеттің саяси билікті ұйымдастырудың ерекше формасы ретіндегі функцияларына талдау жасаңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- азаматтық қоғам феноменінің мән-мағынасы мен мақсатын ұғынудың жаңа заманда Батыс Еуропа елдерін қамтыған ауқымды қоғамдық-саяси өзгерістер дәуірінде қалыптаса бастағанына назар аударыңыз;

- буржуазиялық мемлекеттердің пайда болуынан бастау алатын азаматтық қоғам табиғаты туралы ұғымның қоғамдық санадағы дамуы, азаматтық қоғам мәнінің қазіргі замандағы түсінігі туралы айтып беріңіз;

- азаматтық қоғам негіздерінің қалыптасуы, азаматтық қоғам институттарының қызметі мен әрі қарайғы дамуы үшін қажетті факторлар мен жағдайларды қарастырыңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасу ерекшеліктерін айқындаңыз;

- Қазақстан Республикасындағы биліктің бөліну жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтаңыз;

- Қазіргі заманғы Қазақстан мемлекеттілігінің саяси-құқықтық моделі қызметінің ерекшеліктерін Қазақстан Республикасы Конституциясының қалай реттеп отыратындығын қарастырыңыз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Ағартушылық дәуірінің философтары еңбектеріндегі құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам ұғымы, мәні, мақсаты мен бағыты туралы не білесіз?

2. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет негіздері қалыптасуы үшін қандай факторлар мен жағдайлар болуы шарт?

3. Құқықтық мемлекеттің белгілерін атаңыз.

4. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет түсініктерінің арақатынасы туралы не айтасыз?

5. Құқықтық мемлекеттегі билік тармақтарының бөліну қағидаттары іс жүзінде қалай жүзеге асырылады?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. «Қазақстан Республикасында құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы» тақырыбында дәлелді эссе жазу

**8 тақырып. Қазіргі әлемдегі саяси режимдер және олардың мемлекеттің саяси жүйесімен байланысы (1 сағат)**

1 Қазіргі заманғы саяси режимдердің типтері, олардың жіктелуі, өлшемдері және белгілері.

2 Саяси режимдердің қызметі және билік ресурстарының бөлінуі, түрлі қоғамдық-саяси жүйелердегі мәртебелік беделінің динамикасы.

3 Саяси тәртіптер саяси жүйенің құрамдас бөліктерінің қызметі мен өзара әрекеттестігінің нақты іс-қимылдары ретінде.

*Сабақтың мақсаты:* саяси тәртіп функцияларын, белгілерін және қызмет тәсілдерін, олардың саяси жүйелермен өзара әрекеттестігін зерделеу.

*Негізгі түсініктер:* саяси режим, саяси жүйе, мемлекет, саяси билік, демократиялық режим, тоталитарлық режим, авторитарлық режим, батыстық полиархия, жаңа демократия, шығыстық-азиялық режимдер, исламдық режим, әскери режимдер.

Әдістемелік нұсқау

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- саяси режим түсінігінің мазмұнын ашып, оның негізгі функциялары мен түрлерін, саяси үдерістердегі алатын орны мен маңызын көрсетіңіз;

- саяси режимдерді қарастырғанда мынаған назар аудару қажет: саяси режимдер саяси жүйелер қызметінің іс-қимылдарын көрсетеді, саяси үдерістердің сипатын анықтайды, елдегі саяси бостандықтардың жағдайы мен деңгейін және билік органдарының олардың қызметінің құқықтық негіздеріне қатынасын бейнелейді.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- саяси режим қызметінің мемлекеттегі саяси билік бөлінісінің шынайы механизмі ретіндегі маңызын және оның елдегі қоғамдық-саяси үдерістерге ықпалын айқындаңыз;

- саяси режим қазіргі заманғы саясат туралы ғылымның іргетасы болып табылады, ол бүгінгі саяси жүйелердің жұмыс тәсілдері мен қызметінің сипатын көрсетеді;

- саяси режимдер институционалды-нормативті механизмдерді білдіреді, оның құрамдас бөліктерінің билік органдары мен қоғам, мемлекеттің орталығы мен аймақтары арасындағы, билік органдарының өз ішіндегі қарым-қатынастың мазмұны мен сипатын анықтайтындығын ескеріңіз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- саяси режим қоғамның саяси жүйесі қызметінің нақты іс-қимылдарын көрсетеді, ол арқылы мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін, белгілерін, айрықша қасиеттерін жіктеп оның басқа мемлекеттен айырмашылығын аңғаруға болатындығына назар аударыңыз;

- саяси режимдердің қалыптасу үдерісін өмір сүріп отырған саяси жүйенің барлық құрамдас бөліктері мен функционалдық элементтерінің өзара әрекеттестігінің нәтижесі ретінде қарастыру қажет;

- саяси режимдер әр түрлі тұрпатта болып келеді, оларды билікті жүзеге асырудағы қолданатын амалдары мен әдіс-тәсілдері тұрғысынан сипаттауға, саяси жүйелермен өзара әрекеттестігінің іс-қимылдарын ескере отырып бірнеше түрге жіктеуге болатындығына назар аударыңыз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Саяси режимдер қандай негізгі функцияларды атқарады?
  2. Саяси режимдерді түрлерге жіктеуде қандай өлшемдер негізге алынады?
  3. Саяси режимдер мемлекеттің құрылымдық көрсеткіштерін емес, негізінен мемлекетті басқарудың жай-күйін көрсетеді деген пікірді қалай түсінесіз?
  4. Саяси режим мен саяси жүйелер арасында қандай өзара байланыс бар?
  5. Саяси режимдердің қалыптасу үдерісі қалай жүреді?
- Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. Саяси режимдердің жіктелуі. Кейс-стади. Саяси режим типін анықтау және өз таңдауын дәлелдеу.

**9 тақырып. Қазіргі сайлау жүйелері және олардың ерекшеліктері (1 сағат)**

1 Сайлау жүйелері жоғарғы және жергілікті билік органдарының дауыс беру нәтижелері мен қалыптасуының саяси-құқықтық механизмдері ретінде.

2 Мажоритарлы, пропорционалды және аралас сайлау жүйелері, олардың қызметінің ерекшеліктері.

3 Посткеңестік кеңістіктегі сайлау үдерістерінің ерекшеліктері.

*Сабақтың мақсаты:* қазіргі заманғы сайлау жүйелерінің сайлау үдерістерін ұйымдастыру мен өткізудегі, жоғарғы және жергілікті билік органдарын қалыптастырудағы рөлі, орны мен маңызын талдау.

*Негізгі түсініктер:* сайлау, сайлау жүйесі, демократия, мажоритарлы сайлау жүйесі, пропорционалды сайлау жүйесі, көпсатылы сайлау, дауыс беру.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- қазіргі заманғы сайлау жүйелерінің сайлаудың өтуін, дауыс берудің нәтижелері мен депутаттық орындардың бөлінуін реттеп отыратын заңды түрде бекітілген ережелер мен қағидаттардың жиытығы екенін есте сақтаңыз;

- мажоритарлы, пропорционалды және аралас сайлау жүйелерінің қызметіне талдау жасап, олардың әрқайсысының сипатты белгілері мен ерекше қасиеттерін айқындаңыз және қазіргі заманғы сайлау жүйелерінің жақсы жақтары мен кемістіктерін анықтаңыз;

- қазіргі сайлау жүйелері қызметінің теорияларын ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманның түрлі саяси-құқықтық жүйелерінің сайлау өткізу тәжірибесін де жан-жақты зерделеңіз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- мажоритарлы сайлау жүйесінің негізгі түрлерін, олардың басты артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттап беріңіз;

- пропорционалды сайлау жүйелері қызметінің қағидаттары, олардың жағымды және кемшілікті тұстарын қарастырыңыз;



- түрлі билік органдарына сайлау ұйымдастыру барысында аралас сайлау жүйелерін қолдануға итермелейтін объективті себептер мен жағдайларды негіздеңіз, мұндай сайлау рәсімдерінің арықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңіз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- посткеңестік кеңістіктегі саяси-құқықтық үдерістерді қарастыра келе, олардың жергілікті және жоғарғы билік органдарына сайлау кампанияларын ұйымдастыру мен өткізуге ықпалын талдаңыз;

- посткеңестік елдердің өтпелі даму кезеңіндегі сайлау үдерістерінің барысына объективті ықпал еткен саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға талдау жасаңыз;

- қазіргі заманғы сайлау жүйелері қызметінің институционалды-нормативті аспектілері мен саяси қатынастар тәжірибесінің посткеңестік тәуелсіз мемлекеттердегі қалыптасқан сайлау үдерістеріне қатынастарын зерделеніз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Қазіргі кезеңде сайлау жүйелерінің қандай негізгі түрлері бар?
2. Сайлау жүйелерінің басты міндеттерін атаңыз.
3. Мажоритарлы сайлау жүйесінің ерекшеліктері қандай?
4. Пропорционалды сайлау жүйесінің басқа сайлау жүйелерінен қандай ерекшеліктері бар?
5. Аралас сайлау жүйелерінің ерекшелігі неде?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. «Қазақстан Республикасындағы жастардың электоралдық белсендігін арттыру жолдары» тақырыбында жоба дайындау.

**10 тақырып. Саяси партиялар және партиялық жүйелер, қоғамдық-саяси қозғалыстар және ұйымдар: қызмет ету ерекшеліктері (1 сағат)**

- 1 Саяси партиялар және партиялық жүйені жіктеу.
- 2 Қазақстан Республикасының партиялық жүйесі: пайда болуы және даму ерекшеліктері.
- 3 Қоғамдық-саяси жүйенің функциясы және мәні.

*Сабақтың мақсаты:* қазіргі заманғы саяси жүйелердегі саяси партиялар қызметінің рөлі мен маңызын зерделеу, азаматтық қоғамның қалыптасуындағы қоғамдық-саяси қозғалыстардың функциялары мен орнын анықтау.

*Негізгі түсініктер:* саяси партия, партиялық жүйе, қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық ұйым, бір партиялы жүйе, екі партиялы жүйе, көп партиялы жүйе.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- мемлекеттің партиялық жүйесінің қалыптасуына қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымының әртектілігі, сол елдің саяси тарихының ерекшеліктері мен этникалық және мәдени дәстүрлерінің де ықпалы бар екендігіне назар аударыңыз;

- қазіргі типтегі саяси партиялардың пайда болуына мүмкіндік туғызған факторлар, саяси партиялардың қоғамдық-саяси қозғалыстардан айырмашылықтары, азаматтық қоғамның дамуындағы партиялардың рөліне кеңірек тоқталыңыз;

- кез-келген саяси партия қызметінің басты мақсаты саяси билікке қол жеткізу, оны күшейту және кеңейту жолындағы күрес екендігіне, сол себепті олардың өкілеттік, рекруттық және әлеуметтену сияқты негізгі функцияларды орындауға ұмтылатындығына назар аударыңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- Қазақстанның қазіргі партиялық жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері, еліміздегі партиялық құрылыс үдерістерінің ерекшеліктеріне талдау жасап, оларға саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи факторлардың әсерін анықтаңыз;

- саяси партиялардың басты функцияларын зерделей келе, Қазақстан Республикасы партиялық жүйесінің сол функциялардың қайсысын жиірек орындап, қайсысын сирек орындағанын анықтап көріңіз;

- Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің конституциялық-құқықтық кеңістік аясындағы дамуына, партиялық құрылыс үдерісінің республика заңнамалары, ел Конституциясы, салалық заңдар мен заң актілерінде көрініс табуына талдау жасаңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- қоғамдық-саяси қозғалыстардың айрықша белгілерін, «Невада-Семей», «Табиғат», «Поколение», т.б. қоғамдық ұйымдардың мысалында олардың Қазақстанның азаматтық қоғамының дамуындағы рөлі мен маңызын айқындаңыз;

- демократиялық қоғамдағы қоғамдық-саяси қозғалыстардың басты функцияларын анықтап, олардың мемлекеттегі қоғамдық сананың қалыптасуы және азаматтық бастамалардың дамуындағы рөлі мен маңызын қарастырыңыз;

-қоғамдық-саяси қозғалыстардың кең етек жаюы және елдегі саяси үдерістерге ықпал ету мүмкіндігінің болуы үшін бастамалардың төменнен, яғни халық бұқарасы тарапынан болуы қажеттілігін дәлелдеңіз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Саяси партиялардың саяси үдерістердегі рөлі қандай?
2. Қандай қазіргі кездегі саяси жүйелерді білесіз, олардың белгілері мен өзіндік ерекшелігін көрсетіңіз?

3. Қазіргі кездегі идеологиялар мен саяси ілімдерді атаңыз, олар саяси партиялардың қызметінде қандай функцияларды атқарады?

4. Елдегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи жағдайлар мен партиялық жүйенің қандай өзара байланысы бар?

5. Неге қазіргі заманғы азаматтық қоғамның қалыптасуы негізінен қоғамдық-саяси қозғалыстардың дамуымен байланысты болып келеді?

6. Саяси партиялар мен азаматтық қоғамның институттары қалай өзара әрекеттесе алады?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар бағдарламаларының күшті және әлсіз жақтарына кейс-стади – талдау

**11 тақырып. Саяси мәдениет, саяси мінез-құлық және саяси қатысу (1 сағат)**

1 Саяси мәдениеттің мәні, функциялары және құрылымы.

2 Саяси мінез-құлықтың типтері мен түрлерін жіктеу.

3 Саяси қатысу және билік институттарының қызметі.

*Сабақтың мақсаты:* жеке тұлғалардың саяси мәдениеті мен саяси мінез-құлқының саяси шешімдер қабылдау және саяси институттардың қалыптасу үдерісіндегі рөлі, орны мен маңызын анықтау.

*Негізгі түсініктер:* саяси мәдениет, саяси мінез-құлық, саяси қатысу, саяси дәстүр, билік институттары, саяси стереотип, абсентеизм.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- саяси мәдениет ұғымын зерделеу барысында мына нәрсеге назар аударыңыз: бір жағынан, саяси мәдениет саяси институттарға айтулы ықпал ете алады, ал екінші жағынан, оның өзі саяси институттар ықпалына ұшырауы да мүмкін;

- саяси мәдениет әлеуметтік қозғалыс, сонымен қатар саяси жүйенің бейресми қырын құрайтын саяси сана, дәстүрлер мен мінез-құлық үлгілерін жинақтаған әлеуметтік-мәдени тұрақтылықпен сипатталатын күрделі феномен екендігін жадыңызда ұстаңыз;

- саяси мәдениеттің элементтері саяси сана, түсініктер, мақсаттар, құндылықтар мен бағдарлар жеке тұлғаның өзін қоршаған саяси шындыққа қатысты көзқарасын қалыптастырып, кейін оның субъектінің белгілі бір саяси мінез-құлық акцияларында көрініс табуы мүмкін екендігін түсіну қажет.

*Екінші сұрақ бойынша:*

- өзіндік түрлі идеялық-рухани және саяси-құқықтық мазмұн ерекшелігімен, жеке тұлғаның саяси құқықтарының жүзеге асуы тәжірибесі және саяси шешімдерді қабылдау мен жүзеге асырудағы өзгешелігімен

сипатталатын саяси мәдениеттің демократиялық, тоталитарлық және авторитарлық типтерге бөлінетіндігін есте сақтаңыз;

- жеке тұлғаның өзін қоршаған саяси ортамен қарым-қатынасының түрлі тәсілдерінің бар екендігін ескеріп, нәтижесінде олардың өмір сүріп отырған саяси институттармен саяси қатысу және абсентеизм сияқты өзара әрекеттестікке түсетіндігіне назар аударыңыз;

- мәдениеттің дәстүрлі формалары мен кеңес дәуірінің мәдени-рухани көзқарастарының көріністері және жаңарған типтегі жүйелерге тән құндылықтар мен арман-мұраттар тоғысқан қазіргі Қазақстан жағдайындағы саяси мәдениеттің ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

*Үшінші сұрақ бойынша:*

- саяси қатысуды жеке тұлғаның өз мақсат-мүдделеріне жету жолындағы билік институттарының қызметі мен саяси шешімдерді қабылдау үдерісіне ықпал етуге бағытталған саяси қызметі деп түсіну керек;

- азаматтардың елдің саяси өміріндегі, оның ішінде жеке тұлғалардың сайлау науқандары кезіндегі электоралдық мінез-құлқы, өз кандидаттарын қолдау жолындағы саяси белсенділердің қызметі, саяси партия мүшесі ретінде ұйым қызметіне саналы түрде ат салысу сияқты саяси қатысу түрлеріне талдау жасаңыз;

- жеке тұлғаны елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуына шешім қабылдауға ынталандыратын, субъектіні саяси қызметке араласуға итермелейтін факторлар мен жағдайларды қарастырыңыз.

*Бақылау сұрақтары.*

1. Саяси мәдениет дегеніміз не?
2. Саяси мәдениет қандай элементтерден тұрады?
3. Саяси мәдениет өмір сүріп отырған саяси институттарға қалай әсер ете алады?
4. Жеке тұлғаның саяси мінез-құлық үлгілері, формалары мен қалыптарының қалыптасуы қалай жүзеге асады?
5. Жеке тұлғаның саяси қатысуының басқа саяси мінез-құлық формаларынан ерекшелігі қандай?

Студенттерге арналған өзіндік жұмыс тақырыбы.

1. Саяси мәдениеттің үлгілері (таңдау бойынша) туралы талдаулық анықтама дайындау

**12 тақырып. Сана мен ойлаудың жаңа үлгісін әзірлеу: олардың Қазақстан Республикасында жүзеге асуының негізгі стратегиялары мен бағыттары (1 сағат)**

1 Гуманитарлық білім берудің қазіргі заманғы моделінің дамуы Қазақстан Республикасында қоғамдық сананы жаңғыртудың негізі ретінде.

2 «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламаларының тұжырымдамалық қағидалары Қазақстан халқының тарихи санасы мен мәдени-рухани бірегейлігінің қалыптасуының идеялық тұғырнамасы ретінде.

3 Адам капиталын дамыту идеялары мен бағыттары Қазақстанда инновациялық экономикаға өтудің шарты ретінде.

*Сабақтың мақсаты:* қазіргі заманғы сананы қалыптастыру қажеттілігінің тұжырымдамалық ережелерін Қазақстанда саяси-экономикалық жаңғыртуды табысты жүзеге асырудың шарты ретінде қарастыру.

*Негізгі түсініктер:* жаңа гуманитарлық білім беру, қоғамдық сананы жаңғырту, саяси сана, рухани-мәдени бірегейлік, «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры», саяси ойлау, ұлттық бірегейлік.

Әдістемелік нұсқау.

*Бірінші сұрақ бойынша:*

- Қазақстанның стратегиялық даму жоспарын зерделей келе, саяси-экономикалық жаңғырудың нақты мақсат-міндеттер мен тәсілдерге ғана сүйеніп жетістікке қол жеткізудің басты шартының бірі - қоғамдық сананың озық жаңғыруынсыз толыққанды жүзеге аспайтынын түсіну керек;

- Қазақстандағы қоғамдық сананы жаңғыртудың түйінді ережелері ретінде бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, елдің эволюциялық жолмен дамуы, ұлттық бірегейлік, білім мен жаңалыққа күштарлық сияқты құндылықтарды қоғамдық санада нық орнықтыру арқылы біртұтас Ұлт қалыптастыру болып табылатындығына назар аударыңыз;

- қоғамдық сананы жаңғыртудың әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды дамыту негізінде жаңа гуманитарлық білім беруді жан-жақты дамытуға негізделетініне назар аударыңыз.

*Екінші сұрақ бойынша:*

